



**Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
БАҚ бостандығы мәселелері жөніндегі өкіл**

Он үшінші орталықазиялық БАҚ конференциясы

Плюрализм және Интернетті басқару

**Душанбе, Тәжікстан
29-30 қараша 2011 ж.**

ДЕКЛАРАЦИЯ

2011 жылдың 29-30 қарашасында Душанбе қаласында (Тәжікстан) БАҚ бостандығы мәселелері жөніндегі ЕҚЫҰ өкілі Бюросымен ЕҚЫҰ Орталық Азиядағы далалық миссияларымен бірлесіп ұйымдастырылған он үшінші орталықазиялық БАҚ конференциясы өткізілді. Орталықазиялық БАҚ конференциясы біршама жыл бойы БАҚ саласындағы жағдайды және Орталық Азия мемлекеттерінің журналистер ынтымақтастығын талқылауға арналған жалғыз форум болып табылады.

Екікүндік конференцияға Орталық Азияның жүз елуден асатын билік органдарының өкілдері, парламентшілер, журналистер, БАҚ саласының сарапшылары және азаматтық қоғамның өкілдері қатысты.

Конференцияның тақырыптары БАҚ плюрализмі және Интернетті басқару болды. Қатысушылар бүкіл ЕҚЫҰ аймағында және, атап айтқанда, Орталық Азия мемлекеттерінде плюрализмнің дамуындағы Интернеттің ролін талқылады, осы саладағы халықаралық стандарттарды және ұлттық тәжірибелерді зерттеді, тәжірибе алмасты, сонымен қатар Орталық Азиядағы БАҚ бостандығы саласындағы ағымдағы жағдайды талқылады.

Конференция:

1. Аймақтық ынтымақтастықтың, соның ішінде БАҚ саласындағы мүдделі тараптардың арасындағы ынтымақтастық ролінің маңыздылығын мойындай отырып, конференцияға Орталық Азияның БАҚ, азаматтық қоғамның және мемлекеттік билік органдарының өкілдерінің қатысуын қолдайды.
2. Интернетті БАҚ, сонымен қатар азаматтық журналистер мен блогерлерді қоса жеке тұлғалардың пайдалануы, немесе әлеуметтік желілерді пайдалану пікірін білдіру еркіндігі секілді адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын пайдалану арқылы орындалуы керек екенін мойындайды.
3. Мемлекеттің контентті бұғаттау және сүзгіден өткізуі арқылы араласуына балама ретінде пайдаланушыларды қызықтыратын контентті анықтайтын шешімдердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін олардың интернет-сауаттылығының маңыздылығын атап өтеді.

4. Билік органдарын ақпараттың еркін және кең таралуын, соның ішінде заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологиялар арқылы таралуын дамыту үшін барлық қажетті заңнамалық және техникалық шарттарды жасауға шақырады.
5. Билік органдарын мемлекет тарапынан қандай да бір кедергілерсіз және араласусыз барлық азаматтарға Интернетке қолжетімдікке кепілдік беру мақсатында техникалық дамуға көмектесуге шақырады.
6. Билік органдарын олардың ЕҚЫҰ алдындағы міндеттемелеріне, сонымен қатар Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге және Адам құқықтары туралы Еуропалық конвенцияға сәйкес Орталық Азия елдерінде Интернет пікірін еркін білдіру үшін ашық және жалпы қолжетімді форум болып қалатын шарттарға кепілдік беруге шақырады.
7. Интернетке және онда орналастырылған ақпаратқа қолжетімдік халықаралық стандарттарға сәйкес ұлттық заңнамамен мойындалуы және ақпарат еркіндігі мен пікірін білдіру құқығының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы керек екенін атап өтеді.
8. Интернет елдердің арасында ақпараттың еркін ағылуын қолдау үшін бірегей мүмкіндікті беретінін, ол ЕҚЫҰ аясында қабылданған негізгі міндеттеме болып табылатынын атап өтеді.
9. Билік органдарын Интернет бостандығын шектеу шаралары ретінде Интернетке қолжетімдікті жалпы бұғаттаудан бас тартуға шақырады.
10. Пікірін білдіру бостандығына құқық тек дәстүрлі байланыс құралдарына ғана емес, Интернеттегі жаңа БАҚ-тарға да қолданылатынын атап өтеді. Осы құқықты кез-келген шектеулерге тек заңды мақсаттарда және қоғам мүддесімен ғана рұқсат беріледі, бұл ретте шектеулер демократиялық қоғамдағы мөлшерлестік және қажеттілік өлшемдеріне сәйкес келуі, сонымен қатар заңмен ұйғарылуы керек.
11. Билік органдарын заңдардың орындалу мөлдірлігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін заңнамадағы анық емес тұжырымдамалардан сақтану үшін БАҚ реттеу мәселелерінде озық заңгерлік тәжірибелерді басшылыққа алуды және билікті асыра сілтемеуге, сонымен қатар даулы шешімдерге шағымдану мүмкіндігін қарастыруға шақырады.
12. Билік органдарын пікірлер плюрализміне қолдау көрсетуге және дамытуға, және БАҚ құдалау мен монополизациялаудан тартынуға шақырады.
13. БАҚ плюрализмі негізгі құндылық және Интернет маңызды роль атқаратын демократиялық қоғамның өмір сүруінің негізгі шарттарының бірі болып табылатынын атап өтеді.
14. Билік органдарын Интернетке қолжетімдік беру мақсатында Интернетке қымбат емес және жоғары сапалы қолжетімдікті дамытуды қолдауға және ауылды жерлердің және қашықтағы аудандардың тұрғындарын қоса азаматтарға Интернетке қолжетімдікті қамтамасыз ететін провайдерлердің арасындағы салауатты бәсеке үшін қолайлы жағдайларды жасауға шақырады.

15. Провайдерлердің жұмыстары билік органдары тарапынан кәсіпкерлік қызметтің басқа субъекттерін реттеу аясынан шығатын қосымша шектеулерге ұшырамаулары керек екенін атап өтеді. Оның үстіне, провайдерлер егер олар контенттің мазмұны үшін жауапкершілікті көтермейтін болса немесе заңға қайшы контентті жою жөніндегі соттың қаулысын орындаудан бас тартпаса, олармен көрсетілетін қызметтер арқылы таратылған контент үшін жауапкершілікті көтермеулері керек.
16. Мемлекеттерді егер провайдерлерден мәліметтерді сақтау талап етілсе, Интернет қызметтердің провайдерлерінің мәліметтер трафигінің ұзақтығы мен көлемін шектеуге және шығындарды азайтуға шақырады. Осындай талаптар тек анық қисынға келтірілген және негізделген мақсаттарға жету үшін ғана ұсынылуы керек.
17. Желіге орналастырылған ақпарат немесе трафик Интернетпен жұмыс істеу үшін пайдаланылатын құрылғыға, контенттің түріне, оның авторына, жасалу орнына және ақпараттың мақсатына қарамастан пайдаланушыларға бірдей қолжетімді болу қажеттілігіне негізделген желінің бейтараптығын қорғау қажеттілігін атап өтеді.
18. Билік органдарын Интернет-қызметтер провайдерлері желілік бейтараптық қағидаларын сақтай және желілік трафикті басқарудың мөлдір саясатын жүргізе алатын шарттармен қамтамасыз етуге шақырады. Желі мен қызметтерге әділ қолжетімдікке кепілдік берілуі керек.
19. Билік органдарын Интернетті басқару саласындағы саясатты және заң жобаларын жасау кезінде, сонымен қатар сандық телерадиотаратуға ауысу процесінде азаматтық қоғамды кең тартуға және кеңесуге шақырады. Билік органдары тарату БАҚ-тарында плюрализмді қамтамасыз ету мақсатында сандық телерадиотаратуға ауысуды пайдаланулары керек.

* * *